

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасы»  
КММ

**Кезектен тыс педагогикалық кеңес  
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 2021 жылғы 30 желтоқсан

Өткізілген орны: Нұр-Сұлтан қаласы

**ҚАТЫСҚАНДАР:** Барлығы - 11 адам қатысты. (Балабақша меңгерушісі Жамалиева К.С., әдіскер А.А.Кошербаева, тәрбиешілер З.К.Кажикатова, К.Т.Жактаева, А.Е.Сатенова, А.К.Салиева, А.Б.Жумашева, С.М.Ербозова, орыс тілі мұғалімі Э.А.Ратқұл, музыка жетекшісі Ш.М.Ержанова, дене шынықтыру нұсқаушысы А.Т.Адекенов).

**ТАҚЫРЫБЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Нұр-Сұлтан қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 10 қарашадағы № 133 бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасының бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1) Педагогикалық ұжымды 2022 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен таныстыру туралы;

2) Бағалау өлшемшарттарына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасының өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Сөзді меңгеруші К.С.Жамалиева алды. Ол 2022 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен таныстырып өтті.

«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру туралы және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына сәйкес, білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауы белгілі бір

кезеңдерден тұрады, олардың бірі білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізу болып табылады.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері назарға алына отырып, өзін-өзі бағалауын кемінде бес (тақ саны) қызметкерден тұратын комиссиясымен жүргізу ұсынылады. Ұсыныстар енгізуді сұраймын деді.

Әдіскер А.А.Кошербаева әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрағасы болып балабақша меңгеруші К.С.Жамалиеваны ұсынды. Тәрбиеші А.Б.Жумашева – комиссия құрамына осы жұмыстардың жауапкершілігі жүктелген әдіскер А.А.Кошербаева, тәжірибесі мол педагогтер тәрбиеші А.К.Салиева, музыка жетекшісі Ш.М.Ержанова және тәрбиеші, орыс тілі мұғалімі Э.А.Ратқұлды ұсынамын.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар бірауыздан комиссия мүшелерінің құрамына келісті.

Әдіскер: «қарсы, қалыс бар ма?»

Барлығы келісті – 11 адам

«қарсы» - жоқ;

«қалыс» - жоқ

#### ШЕШІМ:

1. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы: балабақша меңгерушісі К.С.Жамалиева

Комиссия мүшелері:

1. Әдіскер А.А.Кошербаева;
2. Тәрбиеші А.К.Салиева;
3. Музыка жетекшісі Ш.М.Ержанова;
4. Тәрбиеші және орыс тілі мұғалімі Э.А.Ратқұл.

2. 2022 жылғы 2 наурызға дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.

Төраға

Хатшы

К.Жамалиева

С.М.Ербозова